

«Бюджеттік шығындар: циклдік күтпеген өзгерістер және фискалдық мультипликаторлар» тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері туралы есепке аннотация

Зерттеу мақсаты: Қазақстанның экономикалық циклдің әртүрлі кезеңдеріндегі экономикалық өсуіне мемлекеттік шығыстар күтпеген өзгерістердің әсерін өлшеу үшін фискалдық мультипликаторды бағалау, сондай-ақ тұтастай алғанда елдің фискалдық (бюджеттік-салықтық) саясатын талдау жасау. Зерттеуде мемлекеттік шығындардың халықтың әл-ауқатына әсер ету механизмдеріне қосымша назар аударылады. Зерттеу талданатын жекелеген кезеңдеріндегі бюджет-салық саясатының проциклділігі туралы, сондай-ақ ҚР Салық және Бюджет кодекстерімен айқындалатын елдің фискалдық саясатының тиімділігін тежейтін институционалдық факторлар туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Міндеттері:

- 1) фискалдық мультипликаторды бағалау әдістеріне шолу жүргізу, Қазақстанда қолдануға болатынын негіздеумен үздік тәжірибелерді анықтау;
- 2) макроэкономикалық көрсеткіштер, мемлекеттік бюджет көрсеткіштері бойынша деректер қатарын қалыптастыру;
- 3) бюджет шығыстарын эконометриялық талдау үшін сандық индикаторларды айқындау;
- 4) бюджет шығыстарының экономикалық өсуге әсерін бағалау әдіснамасын әзірлеу;
- 5) экономикалық цикл фазаларын ескере отырып және экономикалық цикл фазаларынсыз таңдалған модель негізінде фискалдық мультипликаторды сандық бағалауды жүргізу - алынған нәтижелерді салыстырмалы талдау;
- 6) бөлінетін қаражатты қолданудың экономикалық өсуге әсерін салыстыруға мүмкіндік беретін фискалдық күтпеген өзгерістердің әсерін бағалау бойынша репликацияланатын әдіснаманы айқындау.

Зерттеу нысаны мемлекеттік шығыстардың өзгеруінің экономикалық өсуге әсер ету дәрежесін бағалау болды, оның аясында авторлар экономикалық циклдің фазаларын ескеретін екі сатылы модель жасады. Бірінші кезеңде авторлар фискалдық күтпеген өзгерістерді мемлекеттік шығыстар факторы моделінің жүйелік емес құрамдас бөлігі (модель қалдықтары) ретінде анықтау арқылы бағалады. Екінші кезеңде авторлар фискалдық күтпеген өзгерістердің экономикалық өсуге әсер ету дәрежесін бағалады (ЖІӨ НКІ). Сонымен қатар, зерттеу тобы мемлекеттік шығыстардың халықтың нақты кірістеріне әсер ету дәрежесін бағалауды және мемлекеттік шығыстардың елдегі инфляцияға әсерінің шолу талдамасын жүргізді. Алынған нәтижелер негізінде авторлар Қазақстан Республикасындағы фискалдық саясаттың тиімділік дәрежесін түсіндірді, сондай-ақ Салық және Бюджет кодексінің жекелеген нормаларын талдау арқылы елдегі фискалдық саясаттың тиімділігін тежейтін және Қазақстандағы

бюджетаралық қатынастардағы теңгерімсіздіктердің себебі болып табылатын институционалдық факторларды анықтады.

Әдістемелік, теориялық және эмпирикалық база экономикалық циклдің фазасын анықтау үшін Ходрик-Прескотт сүзгісін қолдануды, фискалдық мультипликаторды екі сатылы бағалауды білдіретін эконометрикалық талдауды қолданумен жеке индикаторларды бинарлы шамаларға аударуды қамтыды.

Қысқаша қорытындылар мен ұсыныстар

1. Жоғарыда аталған міндеттерді шешу шеңберінде зерттеу тобы фискалдық мультипликаторды бағалаудың әртүрлі тәсілдері туралы әдебиеттерге шолу жүргізді, оның шеңберінде Қазақстан үшін неғұрлым оңтайлы деп фискалдық мультипликаторды екі сатылы бағалау әдісі негізделді.

2. Зерттеу тобы экономикалық циклдарды ескере отырып және есепке алмай, фискалдық мультипликатордың екі бағалауын құрды. Екі модельді салыстырмалы талдау фискалдық мультипликаторды анықтау кезінде экономикалық цикл фазасын елемеу оны фискалдық саясаттың экономиканың нақты өсуіне әсер ету лагын бағаламауға және асыра бағалауға әкелетінін көрсетті.

3. Экономикалық цикл кезеңдерін ескере отырып, фискалдық мультипликаторды бағалау экономикалық өрлеу кезеңіндегі мемлекеттік шығыстардың күрт өзгеруінің (шығарылымның инфляциялық алшақтығы) елеусіздігін көрсетті, бірақ шығарылымның рецессиялық алшақтығы кезеңінде мемлекеттік шығыстардың күрт өзгеруі (фискалдық күтпеген өзгерістер) маңызды болып шықты: оң фискалдық күтпеген өзгерістер шығарылымның рецессиялық алшақтығынан кейінгі 2 тоқсаннан соң келесі (шығарылымның рецессиялық алшақтығы басталғаннан бері үшінші кезеңде) тоқсанда 0,41% - ға нақты ЖІӨ-нің өсуіне әкеледі.

4. Авторлар мемлекеттік шығыстың халықтың әл-ауқатына әсерін бағалауды және мемлекеттік шығыстың инфляция деңгейіне әсерін талдауды жүргізді. Мәселен, зерттеуде¹ мемлекеттік шығыстың Қазақстандағы инфляцияға әсерін бағалауға арналған зерттеудің толық шолуы келтіріледі, оған сәйкес шығыстың 10% - ға артуы 12 ай ішінде инфляцияның 0,41 п.т. - ға айтарлықтай жинақтаушы жеделдеуіне әкеледі. Сондай-ақ, зерттеу тобы мемлекеттік шығыстың әлеуметтік көмек пен халықтың нақты ақшалай кіріс индексіні қамтамасыз етуге әсерін бағалау үшін ARDL авторегрессия және бөлінген лаг моделін қолданды. Модель нәтижелеріне сәйкес, зерттеу тобы бір және одан да көп тоқсанда әлеуметтік көмек пен артта қалған нақты ақшалай кіріс индексі үшін қамтамасыз етуге шығыстың елеусіздігі туралы қорытынды жасады (4 лагқа дейін тексерілді).

¹ Тулеуов О., Жузбаев А., Багжанов Б. (2021). Қазақстандағы баға тұрақтылығындағы (тұрақсыздығындағы) фискалдық саясаттың рөлі: эмпирикалық бағалау және макроэкономикалық теңгерімдеу тетігі. ҚР Ұлттық Банкінің зерттеуі – 2021–№3. С.21.

5. Алынған нәтижелердің негізінде, зерттеу тобы мемлекеттік шығыстың тиімділігі төмендігі туралы қорытынды жасады. Салық және Бюджет кодексінің жекелеген ережелерін және Қазақстанда қолданыстағы бюджетаралық қатынастарды талдау негізінде мемлекеттік шығыстың тиімділігі төмен болуының институционалдық себептері көрсетілді: елдің бюджеттен тыс қорларының қаражатын пайдаланудың реттелмеуі; бюджет шығысының теңгерімсіздігіне әкелетін мемлекеттік бюджетке біркелкі емес түсімдер; мемлекеттік шығыстың тиімділігін объективті бағалау қағидаттарының болмауы; жергілікті бюджеттің дербестігі төмен болуы.

Жетекші орындаушылар туралы ақпарат

1. Зерттеу жетекшісі – Зейнельгабдин А.Б.
2. Жетекші орындаушы – Бекишев Р.А.
3. Жетекші орындаушы – Пак Е.А.
4. Жетекші орындаушы – Айтказин Г.С.
5. Жетекші орындаушы – Айгазин Ж.Ж.

Жетекші орындаушылардың зерттеу нәтижелері бойынша мақалаларды жариялауы туралы ақпарат

Зерттеу нәтижелері бойынша «Economics: the Strategy and Practice», № 3 (2023) ғылыми журналында «Қазақстан экономикасы үшін фискалдық мультипликаторды бағалау» атты мақала жарияланды

<https://esp.ieconom.kz/jour/article/view/1121>

<https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-3-251-267>